ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 08 қыркүйек №7119-25-00-2/7773 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева, хатшылықта К.Бекмолдин болып ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «32039 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ALUMINAL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Ақтілеу А.А.
талап қоюшының өкілі: Абаев О.Е.
жауапкердің өкілдері: Садвокасов Д.А., Калибекова А.Е.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

15 мамырда 2025 жылы ҚР ҚМ «32039 әскери бөлімі» РММ мен ЖШС "ALUMINAL" арасында №150 мемлекеттік сатып алу туралы, жалпы сомасы 13 776 000-00 теңгені құрайтын «Триатлон» жауынгерлік даярлығының элементтерін, спорт қалашығын, жүгіру стадионын, парашюттер қалашығының элементтерін орнату жұмыстары бойынша шарт жасалды *(22750 ә/б Астана қ.)*

15 мамырда 2025 жылы ҚР ҚМ «32039 әскери бөлімі» РММ мен ЖШС "ALUMINAL" арасында №151 мемлекеттік сатып алу туралы, жалпы сомасы 13 776 000-00 теңгені құрайтын «Триатлон» жауынгерлік даярлығының элементтерін, спорт қалашығын, жүгіру стадионын,

парашюттер қалашығының элементтерін орнату жұмыстары бойынша шарт жасалды *(35950 ә/б Актау қ.)*

Шарт 2025 жылдың 15 мамырда қазынашылық органдарында тіркелген. Жұмыстарды жасау мерзімі 29 маусым 2025 жылы.

Алайда, жауапкер 2025 жылдың 29 маусымға дейін шарттардың міндеттерін орындамады.

Екі шарттын жалпы соммасы 27 552 000-00 тенге* 0,1% = 27 552 тенге * 30 күн = 826 560 тенге тұрақсыздық айыбын құрады.

Жауапкердің шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабымен жүгінген.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап арызды мойындамай, талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады, себебі талапкердің техникалық сипаттамасында: "Стадион сопақша пішінді, екі түзу учаскесі кемінде 100 метр және екі доғасы бар, жаттығу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін орнықты және сенімді жабын, жалпы ең жоғары бүйірлік еңісі 1%-дан аспайтын, жолдың ішкі бөлігі биіктігі 5 см (± 1 см) және ені 5 см (± 1 см) болатын жиекпен қоршалған, стадионның ұзындығы 400 метр (± 50 см), ені 4 метр (± 5 см) болуы тиіс. Стадионның ұзындығын өлшеу жиектен (жолдың ішкі бөлігін білдіретін сызықтан) 20 см (± 5 см) қашықтықта жүргізілуі керек. Стадионның негізі (асфальт немесе бетон) қалыңдығы 10 см (± 2 см) тегістелген бетке салынады. Дайындалған негізге (асфальт немесе бетон) жабыстыру және жабынның беріктігін қамтамасыз ету үшін EPDM резеңке қиыршықтарынан (каучук түйіршіктері 2-ден 3 мм-ге дейін (± 1 мм)) және полиуретанды немесе эпоксидті шайырдан жасалған қалыңдығы 20 мм (± 2 мм) тігіссіз тартанды жабын төселеді. Дайын резеңке жабынға ені 50 мм (± 5 мм) ақ сызықтар (СТАРТ, МЕРЗІМ, 100 және 200 метр қашықтықтар) салынады. Кедергілердің түрлері бойынша: кем дегенде 50-ден 70 см тереңдікке орнатылады және цемент ерітіндісімен құйылады." Жауапкердің бірінші қарау кезінде түсірген фотосуреттеріне сәйкес, стадионның іргетасы (асфальт және бетон) төселгенге дейін жер учаскелерінің беті тегістелмеген. Сонымен қатар, фотосуреттерден құнарлы қабат көрінеді. Топырақтың құнарлы қабатын тегістеу, тазалау, сондай-ақ топырақты тығыздау техникалық сипаттамада қарастырылмаған. Сонымен қатар, аталған жұмыс түрлері талап қоюшының тиісті жобалау-сметалық құжаттамасының болуын талап етеді. Ал негізі дайындалмаған жалаңаш топыраққа цемент ерітіндісін құю арқылы кедергілер орнату аз уақыт ішінде бұзылуға әкеледі.

Прокурор талап арызды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Тараптар арасында 15 мамырда 2025 жылы №150 мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 13 776 000-00 теңгені құрайтын «Триатлон» жауынгерлік даярлығының элементтерін, спорт қалашығын, жүгіру стадионын, парашюттер қалашығының элементтерін орнату жұмыстары бойынша шарт жасалды *(22750 ә/б Астана қ.)*.

15 мамырда 2025 жылы ҚР ҚМ «32039 әскери бөлімі» РММ мен ЖШС "ALUMINAL" арасында №151 мемлекеттік сатып алу туралы, жалпы сомасы 13 776 000-00 теңгені құрайтын «Триатлон» жауынгерлік даярлығының элементтерін, спорт қалашығын, жүгіру стадионын, парашюттер қалашығының элементтерін орнату жұмыстары бойынша шарт жасалды *(35950 ә/б Актау қ.)*.

Техникалық ерекшелігі бойынша - «Триатлон» жолағы Жолақтың "Триатлон" жауынгерлік даярлық элементтерін, спорттық қалашықты, жүгіруге арналған стадионды, парашюттік-десанттық қалашық элементтерін орнату жөніндегі жұмыстар: "Триатлон" жолағы-Әскери қызметшілерді табиғи және жасанды кедергілерді, үйлердің (ғимараттардың) қасбеттерін, жауынгерлік техниканы еңсеруге, сондай-ақ жауынгерлік техникаға жақын жағдайларда дене жүктемелерін ауыстыруға дайындауға арналған.

Жұмыстарды орындау мерзімі – шарт қазынашылық органдарында тіркелгеннен кейін 45 күн ішінде.

Шарт 2025 жылдың 15 мамырда қазынашылық органдарында тіркелген. Жұмыстарды жасау мерзімі 29 маусым 2025 жылы.

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2025-12-31 жылға дейін қолданылады.

Алайда, жауапкер 2025 жылдың 29 маусымға дейін шарттардың міндеттерін орындамаған.

Сол себептен шарттар біржақты 2025 жылғы 30 шілдеде бұзылған.

Жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатусышы деп тани отырып, сот оның жұмыстың әртүрлі және көп болғанына қарамастан, ешқандай бөлігінде орындауға мүлдем кіріспегенін ескереді.

Сонымен қатар, конкурсқа қатысу туралы келісім бойынша жауапкер конкурс тәсілімен осы мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдірді және конкурстық құжаттама (бұдан әрі – КҚ) көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес (тауарды (ларды) жеткізуді,

жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді) жүзеге асыруға келісті, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабында белгіленген біліктілік талаптарына және шектеулерге сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісім білдірді.

Жуаупкер конкурстық құжаттарыменен танысқан туралы және ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқықтылығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары (жеткізілетін тауар (лар), орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы анық мәліметтерді авторлық және сабақтас құқықтардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулердің сақталуын қамтамасыз ету туралы міндеттеме берді.

Шарттың 7.3 тармағына сәкес «Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс».

Екі шарттын жалпы соммасы 27 552 000-00 тенге* 0,1% = 27 552 тенге * 30 күн = 826 560 тенге тұрақсыздық айыбын құрайды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «32039 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ALUMINAL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«ALUMINAL» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ALUMINAL» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 826 560 (сегіз жүз жиырма алты мың бес жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы және 26 763 (жиырма алты мың жеті жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Көшірме дұрыс

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Анықтама: сот шешімі заңды күшіне 2025 жылы 12 қараша күні енген

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Тігілді және 3 бетте нөмірленді

Судья Ж.Д.Нұрғалиева